

## Мүгедектер үшін жұмыс орындарының квотасын белгілеу туралы

### *Күшін жойған*

Қостанай облысы Жітіқара ауданы әкімдігінің 2010 жылғы 20 мамырдағы № 255 қаулысы. Қостанай облысы Жітіқара ауданының Әділет басқармасында 2010 жылғы 19 маусымда № 9-10-142 тіркелді. Күші жойылды - Қостанай облысы Жітіқара ауданы әкімдігінің 2015 жылғы 24 желтоқсандағы № 403 қаулысымен

**Ескерту. Күші жойылды - Қостанай облысы Жітіқара ауданы әкімдігінің 24.12.2015 № 403**

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Халықты жұмыспен қамту туралы" Заңының 7 бабы 5-2) тармақшасына, Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 13 сәуірдегі "Қазақстан Республикасында мүгедектерді әлеуметтік қорғау туралы" Заңының 31 бабы 1) тармақшасына сәйкес, әкімдік **ҚАУЛЫ Е Т Е Д І :**

1. Жітіқара ауданындағы жұмыс орындарының жалпы санының үш проценті мөлшерінде мүгедектер үшін жұмыс орындарының квотасы белгіленсін.

2. "Жітіқара ауданының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі" мемлекеттік мекемесі квотаға сәйкес жұмысқа орналасу үшін мүгедектерді жұмыс орындарына жіберуді қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулы оның алғаш ресми жарияланған күнінен кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Жітіқара ауданының әкімі*                      *Қ. Испергенов*